1-сабақ

| **Бөлім** | **Дананың көзі-ақылдың сөзі** |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Қорқыт<br>«Қорқыт ата кітабы», «Ұшардың ұлуы» |
| **Оқу мақсаттары** | Шығарманың тақырыбы мен идеясын табу; |
| **Сабақтың мақсаты** | Шығарманың тақырыбын түсінеді.<br>Шығарманың идеясын табады. |
| **Құндылыққа баулу** | **Ұлттық мүдде:** Қоғам игілігі үшін қызмет ету. Ұлттық мәдениетті дәріптеу;<br>**Талап:** Жеке және топпен жұмыс істей білу, сыни және креативті ойлау;<br>**Ар-ұят:** Халқына қызмет ету; |

Сабақтың барысы

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>7мин | **Ұйымдастыру сәті**<br>Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу<br>**«Түрлі түсті» алақан тренингі**<br>Шарты: мұғалімнің қолында түрлі түсті алақандар. Аудиториядғы оқушылар қандай алақан көтерілсе сол алақан бойынша амандасу керек.<br>«Қызыл алақан»– қол алысды.<br>«Көк алақан»– иығынан қағады.<br>«Сары алақан» – арқадан қағып амандасады<br>«Жасыл алақан»– аяғымен амандасады.<br>**Ой шақыру.**<br>Қорқыт сөзін қалай<br>«Оқу сауаттылығы бойынша мәтінмен жұмыс» курсының мазмұны мен маңыздылығымен таныстыра отырып, сабаққа көшеміз | Мұғаліммен амандасады<br><br>Мұғалімнің түсіндірмесін есте сақтай отырып орындайды<br><br>Өз ойларын ортаға салады | «Мадақтау» | <br>Тақтада А3 форматында жазылған |
| | **Мәтінмен жұмыс.Топтық жұмыс**<br>**1-тапсырма** | Мәтінмен танысады, өз ойларын айтады. | «Шапалақ»<br>«Басбармақ» |  |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы 30мин</td>
<td>ПОПС формуласы арқылы мәтін мазмұны туралы ойларыңмен бөлісіңдер.<br>«Менің ойымша...»<br>«Себебі мен оны былай түсіндіремін...»<br>«Оны мен мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын... »<br>«Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім...»<br><br>Жұптық жұмыс.<br>2–тапсырма<br>Қорқыт ата өмірінен қызықты деректердің дұрыс немесе бұрыс екенін белгілеңдер (V)<br>
<table>
<tr><th>Деректер</th><th>Дұрыс</th><th>Бұрыс</th><th></th></tr>
<tr><td>Қорқыт-күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы өнерпаз.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қорқыт-қаңлы-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, абыз.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қорқыттың жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра болып қалды.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>«Қорқыт ата кітабы» жыр-дастаны 9 жырдан тұрады.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>«Қорқыт ата кітабы» XV ғасырда жазылған.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бәмсі-Бейрек, Қара Көне, Қара Бодақ, Қан Төрәлі, Қазан-Салор,Құлба</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Оқушылар деректердің дұрыс немесе бұрыс екенін жазады.</td>
<td>
<br>«Алақан жұдырық»<br><br>Смайликтер</td>
<td>Таратпа қағаздар<br><br>ҚБ парағы</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td>ш, Оқшы, Ораз-Қорқыт ата кітабының кейіпкерлері.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>«Қорқыт», «Желмая», «Тарғыл тана», «Елімай», «Ұшардың ұлуы»-Қорқыттың күйлері.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қорқыттың нақыл сөздері:<br>1.Адамның тәндік жаратылысының дамуының негізгі көрсеткіш – денінің саулығы.<br>2. Ізгі және қажетті шаруа атқарған адамның бәсі де жоғары болуы керек.<br>3. Адам кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Жеке жұмыс<br>3 – тапсырма. Пікірді өз ойыңмен жалғастыр<br><br>Дескриптор Білім алушы<br>- Мәтінді оқиды.<br>- Пікірді жалғастырады.<br>- Өз ойын жазады.
</td>
<td>Берілген мәтін бойынша білім алушы пікірді өз ойымен жалғастырады.</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы 8мин</td>
<td>Рефлексия<br>«Бағдаршам» тәсілі арқылы оқушының тиісті рефлексия жасауына бағыт беремін:<br>Жасыл түс – осы секілді тапсырмалар көбірек болса<br>Сары түс – ұнады, бірақ барлығы емес<br>Қызыл түс – сабақ мүлдем ұнамады</td>
<td>Оқушылар түсінген түстер арқылы жеткізеді</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>